

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1739 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 наурыз N 305

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласы әкімінің және энергиямен жабдықтаушы ұйымның 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана қаласында салынған орталық мемлекеттік органдардың қалған объектілері бойынша электр энергетикасының объектілерін ұлғайтуға және қайта құруға арнап қосымша қуаттарды жалғау үшін төлемдер мен қосымша жүктемелерді қосу қажет емес деген ақпараты назарға алынсын.

2. "Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелерін қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1739 P011739_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелерін қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану ережесінде:

3-бөлімнің 6-тармағындағы "орындалған жұмыстар кесімдерінің" деген

сөздер "энергиямен жабдықтаушы ұйым ұсынған есептердің және объектілерді жылу-энергиямен жабдықтау көздеріне қосу туралы кесімнің дұрыстығы туралы уәкілетті органның қорытындысының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК